

Шолпанқұлова Г.К.

ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шолпанқұлова Г.К.

ОСОБЕННОСТИ МЕЖПРЕДМЕТНЫХ СВЯЗЕЙ

В данной статье рассматривается специфические особенности межпредметных связей.

In given clause is considered specific features of intersubject communications

Білім беру мәдениетті тасымалдау құралы ретінде адамның өзгермелі қоғам жағдайларына бейімделуіне және бәсекеге қабілетті, креативті, интегративті, құзіретті тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Осыған орай қазіргі білім берудің міндеттерін өзара байланысты дүниетанымдық, ғылыми-логикалық және субъективті-эмоционалдық блоктарды біріктіретін пәнаралық байланыс құралдары арқылы шешудің үлгісі жобалануы керек.

Сондықтан зерттеу барысында оқыту үрдісінің этикалық, дидактикалық және эстетикалық тұтастығын құрайтын пәнаралық байланыстың аралық нәтижесі анықталды. Этикалық компонент негізіне моралды-этикалық ұстанымдарын дербес жасау үшін, әртүрлі іс-әрекет пен қарым-қатынаста тұлғаны толық өзін көрсете алуы үшін бағдар беретін педагогикалық үрдістің гуманистік бағыттылығы алынады. Дидактикалық компонентке оқу білімінің пәндік мазмұнының ерекшелігі, мұғалім тұлғасы, оқушының даму сипатына бағдарлануда әдістемелік үлгі және оның мазмұнын, оқытудың белгілі мақсатын таңдау енеді. Эстетикалық компонент сыртқы және ішкі сұлулық, үйлесім, айқындылық пен мақсатқа бағыттылықпен байланысты. Осы компоненттердің органикалық бірігуі «тоғысында» оқыту үрдісі жаңа сапа – оқушылар үшін мағыналық білім сипатына ие, ол пәнаралық байланыстың негізгі нәтижесі болып табылады.

Пәнаралық байланысқа бағыттылық оқыту үрдісінің мақсатынан, заңдылықтарынан, нақты пәннің ерекшелігінен және басқа да факторлардың өзгерісінен, педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі мен нәтижелігін қамтамасыз етуден туындайды.

Пәнаралық байланыстың даму эволюциясы оның **жүйе түзуші факторы, қозғаушы күш құралы, жеделдетуші функциясы** сияқты өзіндік ерекшеліктері бар екендігін көрсетеді.

Пәнаралық байланыстың бірінші ерекшелігі жүйе түзуші фактор екендігімен сипатталады. *Жүйе* (грек сөзінен шыққан,

аударғанда бөліктерден құралатын тұтастық, бірігу дегенді білдіреді) белгілі бір тұтастықты, бірлікті құрайтын бір-бірімен байланысты және қарым-қатынаста болатын элементтердің жиынтығы. Жүйе қазіргі ғылымда белгілі бір қызметтерді орындауда бір-біріне өзара әсер ететін өзара байланысты элементтердің жиынтығы ретінде анықталады.

Жүйе тұтастық пен құрылымдық принципіне бағынады, ол жеке элемент қасиеттеріне ғана емес, тұтас ішіндегі жалпы құрылымдық қасиеттеріне де байланысты. Пәнаралық байланыстың жүйе түзуші факторлық механизмінің мәні - жеке пәндерде бірдей объектіні жан-жақты қарстыру ретінде әлемнің бірлігі мен тұтастығында әрбір факті қандай да бір құбылыстың формасы, объективті және заңды, басқамен өзара байланыста екендігін қарастыру. Бұл оқушыға өзінің өмірін танылған заңдылық, әлеммен өзара әрекеттестік біліктілігінің маңызын ұғыну, құбылыстарды зерттеуге қатынасы тұрғысынан саналы түсінуге мүмкіндік береді.

Пәнаралық байланыстың жүйе түзуші фактор екендігін педагогика тарихында чех педагогі Коменский Я.А. кезінде ерекше атап көрсеткендігі анықталды [1].

Философтар Кедров Б.М. [2], Чепиков М.Г.[3], т.б. жүйе түзуші факторларды жалпының көптеген ғылым объектісі мен зерттеу пәні үшін қажетті фактор деп есептейді. Сондықтан егер бір пән көптеген ғылыми пәндердің зерттеу объектісі, ал бір объекті ғылым салаларының зерттеу пәні болса, ғылым объектісі мен пәні арасында диалектикалық байланыс туындайды.

Осыдан пәнаралық байланысты жүйе түзуші факторы ретінде жалпы мақсатқа жетудегі жетекші кешенді құрайтын және оқу пәндерін өзара мақсатты байланыстарын басқару деп анықтауға болады. пәндер арасындағы мұндай байланыстар «мақсатқа бағытталған» деп аталады.

Пәнаралық байланыстың жүйе түзуші факторы ретінде анықталуы оқу пәндерінің негізгі іс-әрекеті болып табылатындығын көрсетеді. Б.Г.Ананьевтың пікірінше «адам өзінің іс-әрекетінде еңбекті субъекті ретінде көптеген мәселелерді шешуге кешенді түрде пайдаланып алуан аспектілі білімнің өзара

байланысын, жүйесін және оны қолдану іскерлігін ғана емес, сонымен бірге әр түрлі саладағы практикасында іс-әрекет тәсілі мен түрі ретінде пайдалануды талап ететін таным мен қатынас қажет» [4].

Сондықтан бір пәннің басқаға қатынастық қызметі қайта құрылып, бұл өзгеріс белгілі бір салада өзінің қызметін сақтай және жетілдіре отырып, танымның жаңа саласын ашады.

Пәнаралық байланыстың екінші ерекшелігі білім мазмұнындағы қозғаушы күш құралы ретінде пән үшін емес, оның тұлғалық өзгерткішке апаратын әсерінің маңызды екендігімен сипатталады. Ол білім беру үрдісінің құндылық бейтараптылығы мен білімнің шеттелуін жеңуімен, тұлғаның өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі дамытуы үрдісінің ашықтығы пайда болуымен айқындалады.

Тұлғаны дамытушы және қалыптастырушы құралдардың негізгісі білім мазмұны болып табылатыны белгілі. Сондықтан оқу үрдісінің негізіне объектілердің құндылық және мағыналық байланысы, субъектінің өмірлік және рухани тәжірибесіне сүйену, оны өсіру мен өзгерту алынатын пәнаралық байланыстың қозғаушы күш құралы ретінде механизмі ашып көрсетілді. Механизмнің мәні жеке оқу пәндерін бірдей объектіні - өмір (әлемдік құрылыс) объективті және заңды болатын әрбір факт құбылыстың формасы, әлем мен адамның тұтастығы мен бірлігінің басқамен өзара байланысы ретінде жан-жақты қарастыруды ұсынады. Бұл оқушыға өзінің өмірін танылған заңдылық тұрғысынан саналы түсінуге, әлеммен өзара әрекеттестік пен зерттелінген құбылысқа қатынас біліктілігінің маңызды екенін саналы тануға мүмкіндік береді. Механизм мазмұнында оқу ақпараттарының әр түрлі белгілерін қолдану, жекеден жалпыға өтуді аяқтауға мүмкіндік туғызатын білім беру мазмұны кеңейтілген контексте қарастырылады.

Білім мазмұнын тереңдету, байыту – бүгінгі білім беру ісінің өзекті мәселелерінің бірі. Әр түрлі ғылым салаларын, шектес бірлікте қарастыру – жеке тұлғаның жан-жақты әрі толық білім алуы мен рухани дамуына мүмкіндік әкеледі.

Осы жерде білім мазмұнының әр түрлі түсіндірілетінін ескерсек, Бабанский Ю.К. «оқушылардың ақыл-ойын және физиологиялық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ететін жан-жақты меңгерілген ғылыми білім, білік және дағды жүйесі, олардың дүниетанымын, мінез-құлқын қалыптастыру, қоғамдық өмірге және еңбекке дайындау» десе; Лернер И.Я., Скаткин М.Н. «білім берудің әлеуметтік функциясы жинақталған тәжірибені беру» деп көрсетеді [5].

Бұл функция оқу бағдарламасы, оқулық, тұжырымдаманың маңызды бөлігіне негіз болып алынады. Мұнда білім мазмұнының білім, білік, дағдылардың көлемін меңгеру үшін дайындалғанын көреміз.

Ал, Леднев С.В. «тұлғаның сапалық қасиеттерінің прогрессивті өзгерістерін сипаттайтын процесс мазмұны, ерекше ұйымдас-тырылған іс-әрекетке қажетті шарт», - деп тұтас жүйе ретінде талдайды [6].

Сондықтан білім беру мазмұны, оны меңгеру формасы мен әдісі оқушыда іс-әрекеттің бастауы, яғни «адамда іс-әрекетке талпыныс» тудыратындай болуы тиіс (К.Д.Ушинский) [7].

Біз зерттеуімізде В.С.Ледневтің «білім беру мазмұны жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуын қамтамасыз ететін әлемдегі сезімдік – құндылық қатынастар, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі, білім, білік, дағдылар жүйесінен тұрады» - деген ілімін және А.С.Макаренконың тұлғаны қағидасын интегралды кешенді жетілдіру принципін негізге алдық.

Пәнаралық байланыстың үшінші ерекшелігі ретінде жеделдетуші (катализаторлық) функциясын ашып көрсетеміз. Пәнаралық байланыс фундаменталды білім жүйесінің дамуы мен қалыптасуында «катализатор» - *жеделдетуші*, білімді тез меңгертуші болып табылатындығын анықтаймыз. Себебі, қазіргі кезеңде ақпараттар мен білім көп, оны меңгеруге уақыттың жоқтығын ескерсек, пәнаралық байланыс сол білімді алудың әдіс-тәсілдерін үйретуде пәнаралық компетенттілікті қалыптастырады.

Мектептік оқытудың пәнаралық мазмұны әлем мен адам туралы білім; әлем мен адамды тану және мәнін ұғынуды қамтамасыз ететін біліктілік; әлемге қарым-қатынасты көруге мүмкіндік беретін іс-әрекет түрлерін органикалық үйлестіруді анықтайды. Демек пәнаралық байланыстың катализаторлық рөлі құбылыстар мен пәндерді гносеологиялық-бейнелі ғана емес, эмоционалды қабылдауда оқушының жүйетүзуші танымдық және шығармашылық белсенділік сапаларын көрсететіні дәлелденді.

Пәнаралық байланыстың жеделдетуші функциясын сипаттауда «катализ», «катализатор» ұғымдарына назар аударсақ, ұлттық энциклопедияда, «катализатор» – химиялық реакцияның жылдамдығын арттыратын зат (агент) [8].

Энциклопедиядағы берілген анықтаманы басшылыққа ала отырып, пәнаралық байланыс та тұлғаның білімді тиімді жолмен меңгеруіне көмектесетін, белсенділігін арттыратын жедел-

детуші функцияны атқаратынын айқындадык.

Біздің зерттеуімізде пәнаралық байланыстың *жеделдетуші* (катализатор) ретінде тұлғаның жалпы әлеуетін дамытуға әсер ететіндігі анықталды. Мұнда оқушылардың оқу белсенділігінің мәнін зерттеген ғалымдар (Лемберг Р.Г., Лернер И.Я., Махмутов М.И.; т.б.) еңбектеріндегі идеялары басшылыққа алынды. Сонымен бірге оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсенділендіру тәсілдерінің маңыздыларына (іс-әрекеттік тәсіл, тұлғалық-бағдарлық тәсіл, зерттеушілік тәсіл, алгоритмдік тәсіл, т.б.) талдау жасалды. Сөйтіп пәнаралық байланыстың жеделдетуші функциясы негізінде белсенділік – білім алушының іс-әрекетпен тікелей араласу дәрежесін анықтайтын және білімді меңгерудегі өзіндік үйренуі, дағдысының қалыптасуы, оларды тәжірибеде қолдану әрекеті екендігін айқындадык.

Осыдан нақты өмірде өсіп келе жатқан ұрпақ жетекші ізгілік идеяларды пәндік оқыту жүйесінде білім, тәрбие және дамудың бірлігін

қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызатын пәнаралық байланыс, оның өзіндік ерекшеліктері арқылы ғана меңгереді деуімізге негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Коменский Я.А. Великая дидактика // Избр. Соч. В 2т. -М.: Педагогика, 1982. Т.1. -576с.
2. Кедров Б.М. Предмет и взаимосвязь естественных наук. -М.: Наука, 1967. -436с.
3. Чепиков М.Г. Интеграция науки. - М.: Мысль, 1981. -276с.
4. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания // Избр, психол. труды. Т.1. с. 13-17.
5. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. - М.: Педагогика, 1981. -186с.
6. Леднев С.В. Содержание образования. - М.: Выс.шк., 1989. -360с.
7. Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения. В 8-и т. -М.: АПН РСФСР, 1950. - Т.8. -532с.
8. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия // Бас ред. Аяған Б. - Алматы, 2003. -Т.5. -671с.